

ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 14 ж. « 02 » маусым
БҰРЫН 1992 ж. « 03 » тамауз ТІРКЕЛДІ
№ 3868-1900-А8

Акционерлердің жалпы жиналысында
бекітілген
2014 жылдың «29» 04 Хаттама

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 14 ж. « 02 » маусым
БҰРЫН 1992 ж. « 03 » тамауз ТІРКЕЛДІ
БСН 930940000164



«НУРБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫНА
№ 4 ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

АЛМАТЫ – 2014 ж.

КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ

1. «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының Жарғысының 18-ші бабының 4) тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:

«4) Банктің өзге органдары».

2. «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының Жарғысының 19-шы бабының 1-ші тармағының үшінші абзацы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:

«Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Есептік кезең ішінде Банктің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға ұзартылған болып саналады.».

3. «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының Жарғысының 20-шы бабының 2-ші тармағының 18) тармақшасындағы «заңнамалық актілерімен» сөзі – «заңнамасымен» сөзімен ауыстырылсын.

4. «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының Жарғысының 20-1 бабының 1-ші тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:

«1. Аса маңызды мәселелерді қарастыру үшін және Банктің Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. Директорлар кеңесінің комитеттері келесідей мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де мәселелер.

Осы тармақта көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзырында болуы мүмкін.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің комитеттерін құру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмайды».

5. «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының Жарғысының 20-1 бабының 2-ші тармағының екінші абзацы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:

«Директорлар кеңесінің осы баптың 1-ші тармағының 1)-4) тармақшаларында қарастырылған мәселелерді қарауға міндетті комитеттерінің төрағалары болып тәуелсіз директорлар тағайындалады».

6. «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының Жарғысының 22-ші бабының 2-ші және 3-ші тармақтары өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:

«2. Ішкі аудит қызметі келесі қызметтерді жүзеге асырады, бірақ олармен шектелмейді:

1) ішкі бақылау жүйесінің баламалығын және тиімділігін бағалау;

2) банктің тәуекелдерін (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер, комплаенс-тәуекел, ақпараттық технологиялар тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі және басқа тәуекелдер) басқару жүйесінің тиімділігін бағалау,

3) банктің саясаты мен тәртіптерінің тиімділігін бағалау;

4) бухгалтерлік есеп пен ақпарат жүйесінің және солардың негізінде жасалған қаржылық есептердің сенімділігін бағалау;

5) капиталды басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;

6) қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің тиімділігін басқару;

7) қызметкерлерді басқару бөлімшесінің жұмысын бағалау;

8) Банктің басшылық ететін жұмыскерлерін олардың Банк қызметін басқару өкілеттігі мен қызметтерін шоғырлауы жайында тексеру;

9) тәуекел-хабардар тәсілінің негізінде ішкі аудиттің жылдық жоспарын әзірлеу;

10) Директорлар кеңесіне және Банк Басқармасына тексерулердің нәтижелері бойынша есептерді және Банктің бөлімшелерінің жұмысында анықталған кемшіліктер мен бұзылымдарды түзету жөнінде ұсыныстар беру;

11) аудиторлық тексеру мен ішкі аудиттің тексеруінің нәтижесінде анықталған бұзылымдар мен кемшіліктерді түзету бойынша іс-шаралар жоспарының іске асуына мониторинг жүргізу;


12) Банктің Ішкі аудит қызметінің Банктің еншілес ұйымдарының ішкі аудит бөлімшелерімен өзара ерекет ету тәртібін әзірлеу;

13) Банктің Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік және өкімдік құжаттарымен бекітілген басқа мәселелерді қарастыру.

3. Ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібін Банктің Директорлар кеңесі ішкі тәртіптерді бекіту арқылы белгілейді.»

«Нұрбанк» Акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы

К. Орынбаев



КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ

Утверждены
Общим собранием акционеров
Протокол от «28»04 2014 г.

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ №4
В УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «НУРБАНК»**

АЛМАТЫ – 2014 г.

1. Пункт 4) статьи 18 Устава Акционерного общества «Нурбанк» изменить и изложить в следующей редакции:

«4) иные органы Банка».

2. Абзац третий пункта 1 статьи 19 Устава Акционерного общества «Нурбанк» изменить и изложить в следующей редакции:

«Годовое общее собрание акционеров Банка должно быть проведено в течение пяти месяцев по окончании финансового года. Указанный срок считается продленным до трех месяцев в случае невозможности завершения аудита Банка за отчетный период».

3. В подпункте 18) пункта 2 статьи 20 Устава Акционерного общества «Нурбанк» слова «законодательными актами» заменить словом «законодательством».

4. Пункт 1 статьи 20-1 Устава Акционерного общества «Нурбанк» изменить и изложить в следующей редакции:

«1. Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Совету директоров в Банке создаются комитеты Совета директоров. Комитеты Совета директоров рассматривают следующие вопросы:

- 1) стратегического планирования;
- 2) кадров и вознаграждений;
- 3) внутреннего аудита;
- 4) социальные вопросы;
- 5) иные вопросы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка.

Рассмотрение вопросов, перечисленных в настоящем пункте, может быть отнесено к компетенции одного или нескольких комитетов Совета директоров.

Совет директоров исключает конфликт интересов при создании комитетов Совета директоров».

5. Второй абзац пункта 2 статьи 20-1 Устава Акционерного общества «Нурбанк» изменить и изложить в следующей редакции:

«Председателями комитетов Совета директоров, в функции которых входит рассмотрение вопросов, предусмотренных в подпунктах 1) – 4) пункта 1 настоящей статьи, являются независимые директора».

6. Пункты 2 и 3 статьи 22 Устава Акционерного общества «Нурбанк» изменить и изложить в следующей редакции:

«2. Служба внутреннего аудита осуществляет, но не ограничивается, следующими функциями:

- 1) оценка адекватности и эффективности системы внутреннего контроля;
- 2) оценка эффективности систем управления рисками банка (кредитный риск, риск ликвидности, рыночный риск, операционные риски, комплаенс-риск, риски информационных технологий, информационной безопасности и другие риски),
- 3) оценка эффективности политик и процедур банка;
- 4) оценка надежности системы бухгалтерского учета и информации и составленных на их основе финансовых отчетов;
- 5) оценка эффективности системы управления капиталом;
- 6) оценка эффективности системы управления непрерывностью деятельности;
- 7) оценка работы подразделения по управлению персоналом;
- 8) проверка руководящих работников Банка на предмет выявления концентрации у них полномочий и функций по управлению деятельностью Банка;
- 9) разработка годовых планов внутреннего аудита на основе риск-ориентированного подхода;

10) предоставление Совету Директоров и Правлению Банка Отчетов аудита по результатам проверок и рекомендаций по устранению выявленных недостатков и нарушений в работе подразделений Банка;

11) осуществление мониторинга за реализацией плана мероприятий по устранению нарушений и недостатков, выявленных в результате аудиторской проверки и проверки внешнего аудита;

12) разработка порядка взаимодействия Службы внутреннего аудита Банка с подразделениями внутреннего аудита дочерних организаций Банка;

13) рассмотрение других вопросов, определенных внутренними нормативными и распорядительными документами, утвержденными Советом Директоров Банка.

3. Порядок работы Службы внутреннего аудита определяется Советом директоров Банка путем утверждения внутренних процедур.»

Председатель Правления
Акционерного общества «Нурбанк»

К. Орынбаев

Орынбаев Кантар Бекжолдасович

КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ

05 Май 2000 ж. Мен, Қазақстан Республикасының
Әділет Министрінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік
қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті 23.12.2005 ж. берілген
№ 0000319 мемлекеттік лицензиясының негізінде өрекет
жасаушы Алматы қаласының, нотариусы Никитенко Ю.А.
менің көзімше құжатқа қол қойған азамат Церсерагине правление Ю. Нурдан
қойған қолының
түпнұсқа өкпендігін куәландырамын. Құжатқа қол қоюшының
жеке басы анықталды 1-3058 болып тіркелді
Рәсімде № 2037 Нотариаттық қызмет көрсету үшін 2037 теңге төленді
Нотариус

Церсерагине правление Ю. Нурдан
Организова Комитара
Вехараловича. Роккологиче и
делеспособност пр. А. Рено.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
КӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӘРІ ЕН БЕКІТІЛГЕН,
САРПЫ - 6 ПАРАҚ
14 ж. 2 маусым

Немірленген және
баулықталған 6 парақ
Нотариус

